

**Ж. Сәдуақасова, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының  
3-бағам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекшісі: А. А. Жүкібаев, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қараған-  
ды Академиясының қылмыстық іс жүргізу кафедрасының бастығының  
орынбасары**

## **КЕЛУ ТУРАЛЫ МІНДЕТТЕМЕ**

Тәуелсіз, құқықтық мемлекетте заңның жоғарыда тұруына және азаматтардың заңға деген сыйластығын, қызығушылығын арттыру мақсатында терең құқықтық реформа жүргізбей қол жеткізілмейді. Сондықтан құқық қорғау органдарының, оның ішінде тергеушілердің қызметі ғылым тұрғысынан терең зерттелінген болуы тиіс. Бұл қылмыстық істі жүргізуге арналған Қазақстан Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексінің кейбір нормаларындағы қателіктер құқық саласында қызмет атқаратын тұлғалардың жұмыстарына кедергілер келтіріп жатады.

Қарастырылған баяндаманың тақырыбы ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексінің «Тергеушілерге, анықтаушыға, сотқа келу туралы міндеттеме» деген 157 бапқа арналады. Мәжбүрлеу шарасы қолданылмаған сезікті, айыпталушы, сондай-ақ куә немесе жәбірленуші тергеу іс-әрекеттеріне не сотта іс қарауға қатысудан жалтаруы мүмкін деп ұйғаруға жеткілікті негіздемелер болған жағдайда, не олар дәлелді себептерсіз шақыру бойынша іс жүзінде келмеген

кезде аталған адамдардан анықтаушының, тергеушінің немесе соттың шақыруы бойынша уақытылы келуге жазбаша міндеттеме қайтарып алынуы мүмкін делінген. Ал қылмыстық іс жүргізу кодексінің 69- бабына сәйкес айыпталушы — өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан, сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын немесе сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасаған және бекіткен не тергеуші сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу хаттамасын жасаған адам болып танылады. Қылмыстық процесті жүргізуші орган өз өкілеттігі шегінде үкімнің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында айыпталушының алдын-ала тергеуден немесе соттан жалтарады деген негізбен осы Кодекстің 140-бабында көзделген бұлтартпау шараларының бірін міндетті түрде қолданады. Демек, нормадағы «мәжбүрлеу шарасы қолданылмаған айыпталушы» деген сөз тіркесі атап кеткен іс жүргізу заңының 140-бабына толығымен қайшы келеді. Және де заң бойынша айыпталушыға бір мезгілде екі, не одан көп бұлтартпау, өзге мәжбүрлеу шараларын қолдануға болмайды. Сол себептен, осы норма айыпталушыға қатысты қолданылуы орынды емес.

Тағы бір қарастырылатын жәйт — ол куә мен жәбірленушіге іс жүргізудің өзге де мәжбүрлеу шаралары ретінде келу міндеттеменің алынуының қажеті бар ма екенін анықтау. Алдымен осы бапта көрсетілген міндеттемені аталған тұлғалардан ала отырып, біз олардың ар намысына, заңды мүдделеріне, Ата Заңымызда көрсетілген конституциялық құқықтарына нұқсан келтіреміз. Конституцияның 22-бабына сай әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға, не оларды шектемеуге тиіс. Сонымен қатар, тергеуші куәге келу туралы міндеттемесін қолданбай-ақ, тікелей 158-бапқа сүйенуге болады. Яғни, куә мен жәбірленуші шақыру бойынша келмейтін болса, тергеуші соттың дәлелді қаулысы негізінде мәжбүрлеп алып келуді жүзеге асыруға құқығы бар. Іс бойынша жәбірленуші деп танылған тұлға өзінің жеке басының мүддесі үшін қылмыстың жылдам ашылуына бар үлесін қосса, онда жазбаша келуі жайында міндеттемені алмай-ақ, оның тергеу органдарына келуіне қол жеткізе аламыз.

Менің ойымша, ең дұрысы осы 157-бапта жазылған міндеттеменің тура сезіктіге қолданылуы дұрыс. Іс жүргізу заңының 68- бабында біз сезіктіні — тергеуші қылмыс жасады деп күмән келтіріп, осы кодексте белгіленген негіздерде және тәртіппен өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған уақыттан бастап танымыз. Алайда, қылмыстық істі қозғау осы адамға қатысты ұстау шарасын, не бұлтартпау шарасын қолдану керек екенін білдіртпейді. Тергеуші мұндай сезікті тұлғадан алдын-ала тергеу органына келу туралы міндеттемені таңдап алумен шектелуі мүмкін және жасалған қылмысқа күдік тудыру негіздері жойылмағанша тұлға сезікті болып қала беруі мүмкін. Бірақ, тәжірибе жүзінде тергеушілер оның қолдануына өте сирек жүгінеді.

Баяндаманың қорытындысы ретінде іс жүргізудің өзге де мәжбүрлеу шарасы- келу туралы міндеттеме тікелей сезіктіге ғана қолданылсын деп ұсыныс жасаймын.